

бюджеттен тыс қорлардың мәні, мазмұны олардың қызметі жан-жақты қарастырылған. Бюджеттен тыс қорлар мемлекет қаржысының негізгі буыны болып табылады. Әлеуметтік бюджеттен тыс қорлар: жинақтаушы зейнетақы қоры, әлеуметтік сақтандыру қоры, экономикалық мақсаттағы бюджеттен тыс қорлар: инвестициялық, инновациялық қорларына тоқталдық. Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры туралы жазылған. Сондай-ақ 2018 жылғы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері және оны пайдалану туралы есебі туралы статистикалық мәлімет келтірілген.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің сапалық нәтижесі болып мыналар табылады: салымшыларға қызмет көрсетуді жақсарту болса, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылары материалдық қамтамасыз етілмеу тәуекелінен қорғалынған.

#### **Әдебиеттер:**

1. Өтебаев Б.С. Мемлекеттік бюджет оқулық. Алматы Экономика 2015 ж
2. Р.Ә. Әмірқанов, А.Қ. Тұрғұлова «Қаржы менеджменті» Алматы, 2016ж
3. Құлпыбаев С., Ынтықбаева С.Ж., Мельников В.Д. Қаржы: Оқулық / - Алматы. Экономика. 2014ж.
5. Илиясов Қ.Қ., Құлпыбаев С. Қаржы оқулық. – Алматы, 2015.
6. <http://www.baq.kz>
7. <http://www.fms.kz>
8. <http://www.nationalbank/kz> Қазақстан Ұлттық Банкінің ресми сайты
9. <http://www.minfin.kz>

### **ӘОЖ 33**

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫН РЕФОРМАЛАУ КЕЗЕҢДЕРІ**

### ***Зәмірбекқызы М.***

докторант, Л. Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы  
E-mail: [masli\\_86@mail.ru](mailto:masli_86@mail.ru)

### ***Ғылыми жетекшісі: Сапарова Б.С.***

э.ғ.к., PhD профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті  
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

**Аннотация.** Аталған мақалада Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі реформалау кезеңдеріне талдау жүргізіледі. Аталған кезеңдердегі білім беру саласындағы өзгерістердің оңтайлы тұстары мен қиындықтары, сонымен бірге қаржыландыру көздері қарастырылады. Білім беру саласының адами капиталды дамытуға, сыртқы нарықтағы қазақстандық білім мен ғылымның бәсекегеабилеттілігі және келешекте дамуына ұсыныстар беріле отыра аталған саланың түбегейлі реформалауды қажет екендігін көрсетеді.

**Кілт сөздер:** білім беру жүйесі, реформалау кезеңдері, қаржыландыру, адами даму капиталы, НИОКР, бәсекегеқабылеттілік, экономикалық өсу.

**Кіріспе.** Қазіргі нарықтық экономика жағдайда әлем деңгейінде тұрақсыздық экономика жағдайындағы өзгерістер, инновациялардың пайда болуы келешекте білім беру саласына өзгерістер қажеттілігін көрсетеді. Замануи білім беру жүйесінің негізі болып тұрақты түрде ұлттың білім беру жүйесінің бәсекегеқабылеттілігі бола алатын білім беру сапасын қамтамасыз ету және кепіл ету негізгі міндеттер болып табылады.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған жылдардан бастап білім беру жүйесінде бірнеше өзгеріс кезеңдерінен өткен болатын және қазіргі күнге дейін жалғасын тауып келетінін көруге болады. Аталған өзгерістер әрбір кезеңдердегі білім саласына ықпалын тигізген өзгерістердің ықпалын байқауға болады.

**Зерттеу әдістері** ретінде білім беру саласындағы реформалараудың кезеңдеріне ішкі және сыртқы талдаулар негізінде салыстырмалы талдау арқылы қарастырылады.

**Зерттеу мақсаты** қазақстандық білім беру жүйесінің реформалау кезеңдерінің теориясы мен практикасына кешенді талдау жүргізу болып табылады.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі КСРО кезеңінде қалыптасқан білім беру реформаларынан бас тартудан бастап, қазіргі арақашықтықтан оқыту секілді өзгерістердің әсерінен жылдан жылға өзгеріп келеді. Дегенмен де білім беру саласы сыртқы немесе ішкі факторлардың әсерінен бірден және толығымен өзгермейтіндігін байқауға болады.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі бірінші кезең (1991-1994 жж. аралығы) білім беру жүйесін қалыптастыруда заңнамалық базаны дайындауға бағдарланған болатын. Ол үшін бюджет қаражатын тиімді қолдану бойынша құқықтық негіздерді құру, бюджеттен тыс қаражаттарды жұмылдыру мен меншік құқығын реттеу, сонымен қатар білім алушыларға берілген грантты тағайындау секілді өзекті сұрақтарды қамтыды. Заңнамалық база ретінде 1992 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңы білім беру саласын реттеді.

Аталған кезеңде 18 концепция қабылданған болатын: білім беру саласындағы мемлекеттік саясат концепциясы, білім беруді мемлекеттік қолдаудың Ұлттық бағдарламасы, жалпы білім беру мектептеріне арналған оқулықтар мен оқуәдістемелік құралдарды дайындауға бағытталған Мақсаттан-дырылған бағдарлама танылды. Дегенмен де аталған кезеңде жоспарлы эконо-микадан нарықтық экономикаға өтуде әлеуметтік –экономикалық мәселелердің туындауы мен республикалық және жергілікті бюджеттің қаржылық мүмкіндіктерінің жеткіліксіздігі байқалды.

Екінші кезең (1995-1999 жж.) аралығында жоғары білім беру саласында реформалар жүзеге асырыла бастаған болатын. 1995 жылдың 4 тамызында Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Ұлттық кеңеспен бекітілген білім беру саласындағы мемлекеттік саясат концепциясында жоғары білім берудің жүйесінің дамуына түрткі болатын. 1995 жылдан 1997 жылдар аралы-

ғында жоғары кәсіптік білім беру бойынша 310 мамандыққа қазақстандық білім беру стандарттары қабылданады. Сонымен бірге мемлекеттік емес білім беру секторы белсенді түрде дами бастайды. 1999 жылдың 7 маусымында Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» нормативтік-құқықтық тұрғыдан өзгерген болатын. Дегенмен де аталған кезеңде елдегі экономиканың барлық салаларын кадрлармен қамтамасыз ету талаптары қойыла бастаған болатын.

Үшінші кезең (1999-2000 жж.) білім беру мекемелеріне академиялық еркіндікті кеңейту, білім беру жүйесін қаржыландыру мен орталықтан басқаруға негізделді.

Төртінші кезеңде (2001-2010 жж.) нарықтық экономиканың шарттарына жоғары білім беру саласының икемделуі үшін Қазақстан Республикасының 2005-2010 жылдарға арналған білім беру саласын дамыту бойынша Мемлекеттік бағдарлама құрастырылған болатын. Аталған бағдарлама негізінде 12-жылдық орта білім беруге ауыстырылу; техникалық және кәсіптік білім беру; Болон декларациясы мен халықаралық стандарттарға сәйкес мамандарды дайындаудың үш сатылы жүйесі- бакалавриат, магистратура және докторантураны (PhD) қамтыған болатын.

Қазақстандық білім жүйесі осы уақытқа дейін қалыптасқан ЮНЕСКО-мен ұсынылған Халықаралық білім берудің стандартталған жіктеуі (ХБСЖ-1997) критерийлеріне сәйкестендірілді. Білім беру жүйесі жеті кезеңді қамтиды: мектеп алды білім беру, бастауыш білім беру, негізгі орта, орта, ортадан кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді қамтамасыз етеді[1].

2019 жылы қазақстандық білім мен ғылым, тәрбие мен тұлғаны оқытудағы жаһандық бәсекегеқабылеттілігін арттыру мақсатында, сонымен бірге әлемнің әлеуметтік экономикалық дамуындағы ғылым саласын дамытуды арттыру үшін 2020-2025 жылға бекітілген Қазақстан Республикасының білім мен ғылымды дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы мен «Педагогтар мәртебесі» туралы заң қабылданған болатын. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарына әлемнің басқа елдерінде өздерінің филиалдарын, эндаумент-қорлар, стартап-компанияларды құру, сонымен қатар қаржылық және материалдарды құралдардың қосымша көздерін жұмылдыруға негізделген. 2025 жылы бағдарламаға сәйкес ғылымға жұмсалатын шығын жалпы ішкі өнімнің 1% арттыру көзделінген. Оның ішіндегі 0,34% пайызын республикалық бюджет негізінде қаржыландыру мен 0,66% жеке инвестициялық көздерден қаржыландыру көзделген.

2020 жылдың наурыз айынан бастап әлем деңгейіндегі білім беру жүйесінің барлық салаларын арақашықтықтан оқыту технологиясын енгізу арқылы білім беруде әрбір мемлекет өзінің мүмкіндіктерін пайдалана отыра жаңа қадамға жол басқан болатын. Нәтижесінде 2020 жылдың сәуір айынан бастап Қазақстан Республикасының білім беру бағыттары арақашықтықтан оқытуды қазіргі күнге дейін жалғастырып келеді.

Дегенмен де білім беру саласында шешілмеген мәселелер қатары да бар екенін байқауға болады. Солардың ішінде оқу орындарындағы педагог кадр-

лардың жетіспеушілігі, профессорлық-оқытушылар құрамының зейнеткерлік жаста жұмыс жасауы, жастардың білім саласын еңбек нарығында таңдамауы, ақпараттық технологиялық коммуникация құрылғыларымен жұмыс жасаудағы қиындықтар мен олардың жетіспеушілігі, оқу орындарындағы жоғары білімнен кейін білімді жалғастырмауы, оқу орындарындағы қызметкерлердің ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуының төмендігі табылады. Оған басты себеп экономиканың басқа салаларымен салыстырғанда жалақының аздығы, жоғары оқу орындарының ғылым, өндіріс және тәжірибе салалары арасындағы айырмашылықтың болуы жатқызылады. Қазақстанның жоғары білімін халықаралық деңгейге жеткізу үшін білім мен ғылым салаларына тұрақты инвестицияларды жұмылдыру қажет етеді.

2020 жылдың 27 мамырында онлайн-режимде өткен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында сөйлеген сөзінде Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев білім саласын қаржыландыру 6 есеге, ғылымға бөлінетін қаржы 7 есеге артады деп айтып өткен болатын. Сонымен бірге 2025 жылға дейінгі білім мен ғылымның дамуы бойынша мемлекеттік бағдарлама-сымен жүзеге асырылатын реформаларды қайталау қажеттілігін атап өтті[2].

Білім және ғылым министрі А. Аймағамбетов жоғары білім саласын дамыту бойынша дағдарысқа қарсы жоспарын ұсынған болатын. Дағдарысқа қарсы жоспарға сәйкес жоғары білім саласын жаңарту мен бәсекегеқабылеттілігін арттыруға негіз болатындығын көрсетті[3].

Абсолюттік мәнмен білім саласының шығыны тәуелсіздік алған жылдан бастап артуда. Тәуелсіздік алған жылдан кейінгі онжылдықтың ішінде білім саласының шығындары төмен болғанына қарамастан, Қазақстан мемлекеттік бюджеттен жұмылдырылатын қаражат негізгі көзі болып саналатын.

Кесте 1 – Білім беру саласына жұмылдырылған мемлекеттік бюджет шығындары

<b>Жылдар</b>	<b>Білім беру саласына жұмылдырылған мемлекеттік бюджет шығындары, млн.теңге</b>	<b>Білім беру саласына жұмылдырылған мемлекеттік бюджет шығындары ЖІӨ пайызбен</b>
2015	1 364 736,6	3,3
2016	1 669 398,2	3,6
2017	1 843 242,5	3,4
2018	1 948 476,9	3,2
2019	2 332 035,4	3,4

*Ресурсы: Ұлттық статистика Бюросы. Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспарлау мен реформа агенттігі [4].*

Соңғы жылдары білім беру саласын қаржыландыруға жұмсалатын шығындар 13 есе артқанымен, Экономикалық қауымдастық пен ынтымақтастық

ұйымының (ЭҚЫҰ) көрсеткіші бойынша ортадан төмен нәтижені (ЖІӨ 5,5% құрайды) көрсетеді.

2016 жылдан 2019 жылдар аралығындағы жоғары білім беру саласында көрсетілген қызметтердің көлемі 1 178 908 245 мың теңгені құрады.

Кесте 2- Жоғары білім беру саласында көрсетілген қызметтердің көлемі

Жылдар	Есепті жылда, барлығы мың теңге	Келесі көздерден барлығы, мың теңге		
		бюджеттен	халықтан	кәсіпорындардан
2016	259 850 514	152 383 765	101 389 697	6 077 052
2017	279 478 582	158 609 150	114 175 566	6 693 865
2018	302 371 948	167 396 273	128 059 277	6 916 397
2019	337 207 201	189 159 312	137 879 278	10 168 611
Барлығы	1 178 908 245	667 548 500	481 503 818	29 855 925

Ресурсы: Ұлттық статистика Бюросы. Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспарлау мен реформа агенттігі [4].

2019 жылғы жоғары оқу орындарымен көрсетілген қызмет түрлері бойынша Алматы қаласында байқалады: 84,8 млрд тг, немесе елдегі жалпы суммадан 37% құрайды. Сонымен бірге Нұр-Сұлтан қаласы (57 млрд тг, немесе 24,8%) және Қарағанды облысы (14,7 млрд тг, немесе 6,4%).

Еліміздегі ғылыми-техникалық дамуының басты көрсеткіші болып ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмысқа (НИОКР) кеткен шығындар табылады. Дегенмен де соңғы жылдары елімізде ЖІӨ көлемінен төмен дейгейде қалып келеді. Сонымен бірге НИОКР нәтижелері халықаралық реферирленген ғылыми мақалалардағы баспа саны басқа озық елдермен салыстырғанда төмен болып келеді. НИОКР нәтижесі арқылы елдегі инновацияның дамуы, сонымен қатар ғылыми технологиялық процесстің жүзеге асырылуы тәуелді болады. Елімізде НИОКР инвестиция көлемі әлі күнге дейін төмен болуда. НИОКР жүзеге асыратын жоғары оқу орындарының саны 12 жыл ішінде төмендеп келеді. Егер 2007 жылы 133 университет, ал 2019 жылы 92 құрады. НИОКР жүзеге асыратын қызметкерлер саны 2014 жылдан бастап (25793 адам) 2019 жылы (21843 адам) төмендеді.

2019 жылы Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекегеқабылеттілік индексінің (ЖБИ) есебі бойынша 55 орынға ие болып, 2018 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 4 позицияға арттырды. ЖБИ есебінің құрылымы 12 келесі факторларды құрайды: «Институттар», «Инфрақұрылым», «Ақпараттық-коммуникациялық технологилар (АКТ)», «Макроэкономикалық тұрақтылық», «Денсаулықты сақтау», «Білім беру мен дағдылар», «Тауарлар нарығы», «Қаржы жүйесі», «Нарық көлемі», «Бизнестің қарқындылығы» және «Инновациялық потенциал». 2019 жылғы есепте 141 ел бағаланды. ЖБИ рейтингі 103 көрсеткіштен (индикатордан) тұрады. Қазақстан 2019 жылы 55 орынға орнығып, өткен жылмен салыстырғанда 4 сатыға жақсартты (59 орын). Бәсекегеқабылеттіліктің 12 факторы-

ның 5 көрсеткіші бойынша нәтиже жақсарғанымен, 4 фактор бойынша төмендеп, 3 фактор бойынша өзгеріссіз қалды[5].

**Қорытынды.** Қазақстанның демографиялық потенциалы өте жоғары екенін ескеретін болсақ, жыл сайынғы адам санының өсуі 250 мың адамға тең. Әрбір 4 жыл сайын халықтың саны 1 миллион адамға артып, қазақстандықтардың 40 % тұрғыны жастар болып табылатынын көреміз.

Сол себептен де сапалы білім беру мен біліктілікті арттыру арқылы адами ресурстарды пайдалану мен оны инновация дамыту үшін қолдануға потенциалы бар екендігін ескере отыра еліміздегі білім беру жүйесінің барлық салаларында жоғарыда аталып өткен кезеңдер арқылы келешектегі басымдық танытатын реформалау бастамасы қажет екендігін көрсетеді. Адами капиталдың негізгі бағыттарын дамытуда жұмылдырылатын қаржының ел азаматтарының әлеуметтік тұрғыдан дамуына, еліміздің бәсекегеқабылеттілігін дамыту үшін тұрақты түрде дамытуда түбегейлі реформалауды талап етіп отырғандығын көрсетеді. Өйткені еліміздегі әрбір азамат өзінің жеке жетістігі арқылы бүкіл елдің табысты болуына, өсіп-өркендеуіне үлес қосатындығын ескеруіміз қажет.

#### **Әдебиеттер:**

1. Международная Стандартная Классификация Образования, МСКО-1997, ООН по вопросам образования, науки и культуры, май 2006, переиздание
2. <https://primeminister.kz/kz/news/memleket-basshysy-ulttyk-kogamdyk-senim-kenesinin-ushinshi-otyrysyna-katysty-2744352>
3. <https://www.zakon.kz/5035073-ashat-aymagambetov-predlozhi.html>
4. Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan.
5. [http://www3.weforum.org/docs/WEF\\_TheGlobalCompetitivenessReport2019.pdf](http://www3.weforum.org/docs/WEF_TheGlobalCompetitivenessReport2019.pdf)

**УДК 336.02**

## **ФУНКЦИОНИРОВАНИЕ НАЛОГОВОЙ ПОЛИТИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ**

***Калменова А.А., Муратова С.Б.***

студенты, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева

г. Нур-Султан, Республика Казахстан

E-mail: [kalmenovaa.ab.ais@mail.ru](mailto:kalmenovaa.ab.ais@mail.ru)

E-mail: [sevaramuratova2001@gmail.com](mailto:sevaramuratova2001@gmail.com)

***Научный руководитель: Бекболсынова А.С.,*** старший преподаватель

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева

г. Нур-Султан, Республика Казахстан

**Аннотация.** В данной статье рассматривается сущность и организация налоговой политики Казахстана, ее роль в осуществлении реализуемой финансовой политики государства на современном этапе. Налоговые поступления